

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 252 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 шілдеде № 18997 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 2-5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2019 жылғы 3 шілдедегі
№ 252 бұйрығымен
бекітілген

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.06.2023 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-бабы 1-тармағының 2-5) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін (бұдан әрі – жерлерді пайдалану мониторингі) ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті орган – ветеринария саласында басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) Жерді қашықтықтан зондтау – ғарыш және әуе кеңістігінен құрлық, мұхит және атмосфера элементтерінің өзіндік және шағылысқан сәулеленуін бақылау және өлшеу арқылы Жер беті туралы ақпарат алу процесі;

3) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті

атқарушы органдарының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

5) жергілікті өзін-өзі басқару органдары – "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жөніндегі функциялар жүктелген органдар;

6) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) – жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, орталық уәкілетті орган ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшелер;

7) қоғамдық кеңестер – "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік органдарды қоспағанда, министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін органдар, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері өз құзыретіндегі мәселелер бойынша коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп құратын консультативтік-кеңесші, байқау органдары;

8) уақытша жер пайдаланушылар (бұдан әрі – жер пайдаланушылар) – жер пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген тұлғалар.

3. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайларына:

1) егістікте – ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге арналған жер учаскесін өңдеу бойынша жұмыстардың жүргізілмеуі;

2) шабындықтарда – жер учаскесінде шөп шабудың жүргізілмеуі, оны арамшөптердің, бұталардың, шіліктердің басып кетуі және шөп бітіктігі жұтандануының өзге де белгілерінің болуы;

3) жайылымдарда – жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының болмауы не олардың санының "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) бекітілген

жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасының (бұдан әрі – Жүктеме нормасы) елу пайызынан аз болуы және (немесе) азық дайындау мақсатында шөп шабудың болмауы;

4) көпжылдық екпелерде - есептен шығарылған көпжылдық екпелерді күту, түсімді жинау және тегістеу бойынша жұмыстардың жүргізілмеуі жатады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану жағдайларына (шабындық жерлерді, көп жылдық екпелер мен өндірістік емес учаскелерді: жолдарды, орман екпелерін, өзендерді, көлдерді қоспағанда) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларының (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидалары) 4 және 7-тармақтарында белгіленген талаптарды сақтамау және жер пайдаланушының жаюға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының саны Жүктеме нормасынан асып түсетін мөлшерде болуы жатады.

Жерлерді ұтымды пайдалану бөлігіндегі мониторинг Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

5. Жерлерді пайдалану мониторингі Жерді қашықтықтан зондтау деректері негізінде жүзеге асырылады.

Жерді қашықтықтан зондтау деректерінің қызметтерін жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік сатып алу және ақпараттандыру туралы заңнамаларда белгіленген тәртіппен сатып алады.

Бұл ретте, Жерді қашықтықтан зондтаудың өзекті деректерімен қамтамасыз етуді көрсетілетін қызметті жеткізуші жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.03.2026 № 101 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жерлердің пайдаланылуына және ұтымсыз пайдаланылуына мониторинг жүргізу кезінде алынған нәтижелерді мынадай деректерді пайдалана отырып талдайды:

Жерді қашықтықтан зондтау;

аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жыл сайынғы жер балансы;

жер пайдаланушыға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының басы туралы мәлімет алуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру базасы.

Жер пайдаланушыға тиесілі жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің жол берілетін нормасын айқындау үшін мониторинг жүргізу сәтінде ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан алынған ауыл шаруашылығы жануарларының басы туралы мәліметтер пайдаланылады.

Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесінің, жерлер балансының және жерлерді нақты пайдалану деректерімен Жерді қашықтықтан зондтау деректері арасында сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияға деректерді нақтылау туралы сұраным жолдайды.

7. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы жер мониторингінің нәтижелері бойынша жыл сайын, тиісті күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпарат (бұдан әрі – ақпарат) қалыптастырады және электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы оны аумақтық бөлімшеге жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау Ақпараттық технологияларды қолданбай жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

8. Жерлерді пайдалану мониторингі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуді жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттары негізінде, қоғамдық кеңестер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысуымен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы мониторингке жататын жер учаскелері туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау және тиісті ұсынымдар мен қорытындыларды әзірлеу жолымен жүзеге асырады.

Шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (

жалдау) туралы жасалған шарт нәтижелері бойынша жерлерді пайдалануа, оның ішінде жеңімпаздың жерлерді пайдалану бойынша қабылдаған міндеттемелерінің орындауына :

1) жалға алудың алғашқы бес жылында жыл сайын;

2) келесі кезеңдерде: суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарында – әр үш жыл сайын, суарылмайтын ауыл шаруашылығы алқаптарында әр бес жыл сайын мониторинг жүргізіледі.

Жердің пайдаланылуына мониторинг жүргізу кезінде жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган:

1) тұрақты негізде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттарының негізінде шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін есепке алуды жүргізеді;

2) жыл сайын келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына дейін жер мониторингін жүргізу процесіне қатысу үшін қоғамдық кеңестер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің тізімін қалыптастырады;

3) жыл сайын тиісті күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізбені қалыптастыру сәтінде бір жыл ішінде жалдау мерзімі аяқталатын жер учаскелерін қоспағанда, жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттарының негізінде шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген және күнтізбелік жылы мониторингке жататын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастырады және бекітеді;

4) жыл сайын тиісті күнтізбелік жылдың 1 ақпанына дейін бекітілген Тізбенің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етеді және оны қоғамдық кеңестерге, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына танысу үшін жолдайды.

9. Мониторингті жүзеге асыру үшін жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган тиісті күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейінгі мерзімде Тізбеге қосылған жер учаскелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан жер пайдаланушыға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарлары басының бар-жоғы туралы мәліметтер алу үшін ветеринария саласындағы уәкілетті органға;

2) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) Тізбеге қосылған жер учаскелері бойынша жүргізілген тексерулер мен профилактикалық бақылау туралы мәліметтер алу үшін аумақтық бөлімшеге;

4) жер учаскелерін жалға алушылардың жерлерді пайдалану бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауы туралы ақпаратты тиісті растаушы құжаттарымен қоса алу үшін оларға сұранымдар жібереді.

Қажет болған жағдайда, қажетті ақпаратты нақтылау және (немесе) белгілеу және оларды осындай жер учаскелері бойынша мәліметтер жинау үшін толықтыру мақсатында жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдарға және ұйымдарға сұранымдар жібереді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сұратылатын ақпаратты жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға беру мерзімі тиісті сұраным келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

11. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган алынған ақпаратты, сондай-ақ уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартына сәйкес жер пайдаланушы беретін егістік алқаптардың пайдаланылуы туралы мәліметтерді жинақтағаннан және өндегеннен кейін қоғамдық кеңес, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және жергілікті өзін өзі басқару органдары өкілдерінің қатысуымен оларға талдау жүргізеді, олардың негізінде:

1) мониторинг жүргізгеннен кейінгі күнтізбелік жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде әр жер учаскесі бойынша қорытындылармен және ұсынымдармен бірге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері мониторингінің нәтижелері туралы есепті жасайды;

2) мониторинг жүргізгеннен кейінгі күнтізбелік жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде мониторинг нәтижелері туралы есепті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына орналастырады және оны қоғамдық кеңестерге, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мәлімет үшін жолдайды.

12. Жерлерді пайдалану мониторингінің қорытындылары бойынша жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 -күніне дейін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған мақсаты бойынша пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып

пайдаланылып жатқан жер учаскелерінің тізбесін және оны электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы тиісті шаралар қабылдау үшін аумақтық бөлімшеге жібереді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қоғамдық кеңес, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысуымен жүргізілетін жерлердің пайдаланылу мониторингінің оң нәтижелері ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына
1- қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпарат

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ПАШМЖУА-1 нысаны

Кезеңділігі: жыл сайын

Есепті кезең: 20 ____ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын, тиісті күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін

	Заңды тұлғаның								
--	----------------	--	--	--	--	--	--	--	--

P/c №	атауы немесе жеке тұлғаның (жер учаскесі иесінің, жер пайдаланушының) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Жер учаскесі меншік иесінің, жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі және орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы алаңы, гектар	Жер учаскесіне құқықтың тіркелген күні	Танап нөмірі	Танап алаңы, гектар	Жердің пайдаланылмағаны туралы ақпарат (құқық бұзушылық түрі)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

(электрондық цифрлық қолтаңбасы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсініктеме "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары жыл сайын тиісті күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның (жер учаскесінің меншік иесінің, жер пайдаланушының) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында жер учаскесі меншік иесінің, жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында жер учаскесінің кадастрлық нөмірі және орналасқан жері көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында жер учаскесінің жалпы алаңы, гектармен көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында жер учаскесіне құқықтың тіркелген күні көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында танап нөмірі көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында гектардағы танап алаңы, гектармен көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында жердің пайдаланылмағаны туралы ақпарат (бұзушылық түрі) көрсетіледі.

Шаруа немесе фермер
қожалығын, ауыл шаруашылығы
өндірісін жүргізу үшін берілген
ауыл шаруашылығы
мақсатындағы жерлерді
пайдалану мониторингін
ұйымдастыру мен жүргізу
қағидаларына
2- қосымша

Нысан

Жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттарының негізінде шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін есепке алу

гектар

Жер пайдаланушы (заңды)	Жер пайдаланушы	Оның ішінде:			
		Оның ішінде			

Р/с №	тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	ның жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	Жер учаскесін жалдау шартының және күні	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің алаңы	егістік	суармалы	тәлімі	жайылым	шабындық	өзгелері	Жер учаскесін жалдау мерзімінің аяқталатын күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына
3- қосымша

Нысан

Жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттарының негізінде шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген және _____ жылы мониторингке жататын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер пайдаланушы (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)	Жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	Жер учаскесін жалдау шартының және күні	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің алаңы	Оның ішінде:						Жер учаскесін жалдау мерзімінің аяқталатын күні
						егістік	Оның ішінде		жайылым	шабындық	өзгелері	
							суармалы	тәлімі				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген

ауыл шаруашылығы
мақсатындағы жерлерді
пайдалану мониторингін
ұйымдастыру мен жүргізу
қағидаларына
4- қосымша

Нысан

**Жер пайдаланушыға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарлары басының бар-жоғы туралы
ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан мәліметтер**

P/c №	Жер пайдаланушы (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты бар болса), тегі)	Жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	Ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы саны, шартты мал басымен	Оның ішінде:							
				Ірі қара мал	Шартты мал басына аудару коэффициенті	жылқылар	Шартты мал басына аудару коэффициенті	Қойлар, ешкілер	Шартты мал басына аудару коэффициенті	түйелер	Шартты мал басына аудару коэффициенті
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Шаруа немесе фермер
қожалығын, ауыл шаруашылығы
өндірісін жүргізу үшін берілген
ауыл шаруашылығы
мақсатындағы жерлерді
пайдалану мониторингін
ұйымдастыру мен жүргізу
қағидаларына
5- қосымша

Нысан

**Жер пайдаланушының ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу және көпжылдық шөптерді
егуді қоса алғанда, егу жұмыстарын жүргізуі туралы және таза сүрі жерлердің бар-жоғы
туралы мәліметтер**

**Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Шаруа немесе фермер
қожалығын, ауыл шаруашылығы
өндірісін жүргізу үшін берілген
ауыл шаруашылығы

мақсатындағы жерлерді
пайдалану мониторингін
ұйымдастыру мен жүргізу
қағидаларына
6- қосымша

Нысан

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері мониторингісінің нәтижелері туралы есеп

P/c №	Жер пайдаланушы (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)	Жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	Жер учаскесінің жалдау шартының № және күні	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің алаңы, гектар	Оның ішінде егістік, гектар				
						Барлығы	ауыл шаруашылығы дақылдары егілген	көпжылдық шөптер егілген	таза сүрі жер	мақсаты бойынша пайдаланылмайтын
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Кестенің жалғасы

Оның ішінде жайылымдар	Ауыл шаруашылығы жануарларының саны				Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасының пайызы	Пайдаланылмай жатқан жайылымдар алаңы, гектар	Мониторинг нәтижелері туралы қорытынды	Ұсынымдар
	ірі қара мал	жылқылар	қойлар, ешкілер	түйелер				
12	13	14	15	16	17	18	19	20

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.06.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған мақсаты бойынша пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерінің тізбесі

Әкімшілік деректер нысанының индексі: МБПҚРЗБПЖУТ-2 нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы ____ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін

Р/с №	Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның (жер учаскесі иесінің, жер пайдаланушының) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі және орналасқан жері	Ауыл шаруашылығының түрі	Жер учаскесінің жалпы алаңы, гектар	Жер учаскесінің құқықтық тіркелген күні	Танап нөмірі	Танап алаңы, гектар	Жердің пайдаланылмағаны туралы ақпарат (бұзушылық түрі)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

(электрондық цифрлық қолтаңбасы)

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

"Шаруа немесе фермер
қожалығын, ауыл шаруашылығы
өндірісін жүргізуге
арналған мақсаты бойынша
пайдаланылмайтын не
Қазақстан Республикасының
заңнамасын бұза отырып
пайдаланылып жатқан жер
учаскелерінің тізбесі"
әкімшілік деректерін жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған мақсаты бойынша пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерінің тізбесі" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсініктеме "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған мақсаты бойынша пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерінің тізбесі" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін ұсынады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның (жер учаскесі иесінің, жер пайдаланушының) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында жер учаскесі меншік иесінің, жер пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында жер учаскесінің кадастрлық нөмірі және орналасқан жері көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында ауыл шаруашылығы алқаптарының түрі көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында жер учаскесінің жалпы алаңы, гектармен көрсетіледі.
12. Нысанның 7-бағанында жер учаскесіне құқықтың тіркелген күні көрсетіледі.
13. Нысанның 8-бағанында танап нөмірі көрсетіледі.
14. Нысанның 9-бағанында танап алаңы, гектармен көрсетіледі.
15. Нысанның 10-бағанында жердің пайдаланылмағаны туралы ақпарат (бұзушылық түрі) көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК